

ӘОЖ 336.22

А.Т. Ожаубаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Экономика және бизнес жоғары мектебі, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: ai_kerim.ozhaubayeva@mail.ru

Инновациялық дамуды ынталандырудағы салықтық құралдардың рөлі

Бұл мақалада бүгінгі күнгі өзектілігі артып отырған бағыттардың бірі – инновациялық даму, инновациялық экономиканы қалыптастыру үшін алғышарттарды жасауда пайдаланылатын құралдар жайлы пайымдалған. Инновациялық дамуды ынталандырудағы пайдаланылатын құралдар тікелей және жанама деп жіктеледі және тиісінше пайдаланылады. Мақалада бүгінгі таңда инновациялық дамуды ынталандыруда қолданылатын салықтық құралдар және олардың тиімді пайдаланылуы сондай-ақ, Қазақстандағы инновациялық даму қарқыны көрсетіліп, авторлық пікірлер ұсынылған.

Түйін сөздер: Салықтық құралдар, инновация, инновациялық даму, салықтық ынталандыру, салықтық реттеу, салықтық жеңілдіктер.

А.Т. Ожаубаева

Роль налоговых инструментов в стимулировании инновационного развития

В этой статье изложены инструменты для создания предпосылок по формированию инновационной экономики, а также для развития инноваций как особо актуального направления на сей день. Инструменты, используемые для стимулирования инновационного развития, делятся на прямые и косвенные, и работают соответственно. В статье рассмотрены стимулирующие инструменты инноваций и их эффективное использование на сегодняшний день, а также темпы инновационного развития в Казахстане, обоснованы авторские видения.

Ключевые слова: налоговые инструменты, инновация, инновационное развитие, налоговое стимулирование, налоговое регулирование, налоговые льготы.

А.Т. Ozhaubayeva

The role of tax instruments in stimulation of innovation development

The article is devoted to instruments for forming innovation economics and development of innovation process as the main and actual trend in this time. The stimulation instruments are divided into direct and indirect types and they are used accordingly. By the author concludes by emphasizing the fact that rates of economic innovation of Kazakhstan are developing very slowly.

Key words: tax instruments, innovation, innovation development, tax stimulations, tax regulations, tax remissions.

*«...Қазақстанның әлемдегі ең дамыған
30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында
алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген.
Бірінші – инновациялық индустрияландыру трендін
түзеу және күшейте түсу маңызды...»
Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына
Жолдауынан, 17 қаңтар 2014 жыл*

Инновациялық қызмет – ғылыми білім мен жаңа технологияны қолдануға бағытталған, оны өндіру тәсілдерін, жаңа затты өндіру мақсатымен немесе өндірілетін өнімнің сапасын жақсартып және шығынын азайтатын шағын

және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі. Инновациялық қызмет өндірістің әртүрлі салалары мен қоғамды басқару салаларына жаңа идеяларды, ғылыми білімді, технологиялар мен өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет,

оның нәтижесі мен бәсекеге қабілетілік үшін пайдаланылатын қызмет түрі болып табылады.

Бүгінде инновациялық қызметтің қарқындылығы экономикалық даму деңгейінен көрінеді: жаһандық бәсекеде инновациялар үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін елдер жеңіске жетеді. Яғни, инновациялық экономиканы дамыту елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Инновациялық экономиканың басты ерекшелігі – ғылыми сыйымды, технологиялық өңделу деңгейі жоғары өнімдерді шығаруға икемді өндірістік және инновациялық инфрақұрылымның болуы. [1, 112 б.]

Инновациялық даму саласындағы мемлекеттік саясат ұлттық инновациялық жүйенің мынадай элементтерін қалыптастырудан және дамытудан тұрады: ғылыми әлеует, инновациялық инфрақұрылым, қаржылық инфрақұрылым, инновациялық кәсіпкерлік. [2, 20]

Қазақстан ғылыми зерттеу және инновацияларды қаржыландыруда жеке сектордың қатысу деңгейі бойынша да артта қалып отыр. Ғылыми зерттеу және инновацияларды мемлекеттік қаржыландыруда жеке инвестицияларды ынталандыру мүмкіндігін есепке алмастан жүзеге асырылады. [2, 25 б.]

Елдің экономикасындағы инновациялардың туындауының, таралуының және пайдаланудың, яғни оларды тиімді коммерцияландырудың оңтайлы тетіктерін белсенді мемлекеттік реттеу мен қолдау жүргізу инновациялық дамуды ынталандыру үшін қажеттілігі артып отыр.

Тиімді инновациялық жүйе құру үшін бұл үдеріске ғылыми қоғамды, дара өнер тапқыштарды, студенттерді және т.б. тарта отырып, инновациялық идеяларды гранттық қаржыландыруды жүзеге асыру қажет. Бұдан басқа, қаржылық инфрақұрылымды одан әрі дамыту үшін венчурлік қорларды құруды жалғастыру, елдің өңірлерінде инновациялық жобаларды қаржыландырудың айқын тетіктерін әзірлеу, инновациялық қорларды қалыптастыру үшін жағдайлар жасау қажет. Аталмыш іс-шараларды жүзеге асыру үшін салықтық ынталандыруды құрал ретінде пайдалану, яғни салықтық реттеудің құралдарын қолданудың маңыздылығы зор болып табылады. [2, 38 б.]

Салықтық реттеу – бұл инвестициялық, инновациялық үдерістердің үздіксіздігін қамта-

масыз ету, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту мен ақша қаражаттарының өсіміне жағдай жасауды мақсат ететін салықтық механизмнің ажырамас бір бөлігі.

Салықтық реттегіш құралдар басқа да экономикалық тетіктермен байланыста қажетті нәтижеге жетуді қамтамасыз ете алады. [3, 21 б.]

Инновациялық салада қызмет атқаратын түрлі кәсіпорындарды салықтық ынталандыру құралдарын қолданып, қызметтерін жетілдіре түсуге мүмкіндіктер ұсынудың да өзектілігі артып отыр. Яғни, салықтық тексерулер санын азайту, салықтық ауыртпалық мөлшерін бәсеңдету, салық салу базасын азайта отырып ынталандыру, салық салу объектілері мен субъектілеріне қойылатын талаптарды азайту, сонымен қатар салық төлеу процесін оңтайландыру және өзге де реттеу іс-шараларының жүзеге асырылуын әлі де жетілдіре түсу керек. [4, 82 б.]

Кез-келген елдің экономикалық өсуін ынталандыруда жеке кәсіпкерлік шешуші фактор болып саналады. Қазақстан өз тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап-ақ жеке меншік институтты қорғауға және кәсіпкерлік бастаманы жан-жақты қолдауға негізделген нарықтық экономиканы құруға бағдарланды. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша нысаналы және жүйелі саясат жүргізу Қазақстанның мемлекеттік экономикалық саясатының басымдылығының бірі болып табылады. Жалпы, мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қолдау көрсету мен қолайлы жағдай жасау жолында жасаған іс-шараларының ішінен келесілерді атауға болады: кәсіпкерлік қызметті тіркеу процедураларын жеңілдету, салықтық ауыртпалықты төмендету, жеке меншіктері мен активтерін заңдастыру, әкімшілік процедуралар мен рұқсаттарды жеңілдету, бюрократтық тосқауылдардан қорғау, несиелерге қолжетімділікті жеңілдету және басқалары.

«Даму» қорының тапсырысы бойынша «BISAM Central Asia» бизнес-ақпарат, әлеуметтік және маркетингтік зерттеу орталығының 2010 жылы өткізген зерттеу жұмысының қорытындыларына сәйкес, кәсіпкерлердің 40%-ы өз бизнесін дамытуда оны инновациялық тұрғыда жаңарту, жетілдіру мен инновацияны енгізу кезеңіне жетпегенін атап өткен. Осы кезеңдегі басты мәселе ретінде бәсекелестік деңгейі мен қаржы қорының жеткіліксіздігі,

сондай-ақ салықтық ынталандыру деңгейінің төмендігін айтқан. Зеттеу нәтижелеріне байланысты, өз бизнесін сапалы түрде жаңартқысы келген және инновациялық қызметті жетілдірулеріне қаржы қорының жеткіліксіздігі үлкен мәселе болып табылатындығын кәсіпкерлер баса айтқан. Қаржы көзінің жеткіліксіздігінен бизнес иелері көбінесе жаңалау жоспарынан бас тартады, егер бас тартпаған болса, бұл оларға одан да көп мүмкіндіктер берер еді. Сондықтан да оларға қазіргі кезде өздерінде не бар соған қанағаттануларына тура келуде, содан бар қорды шығарып алуға тырысуда. Бұл, мысалы, фермерлерге тән; олар ескі, өнімділігі төмен, жиі жөндеу жұмысын қажет ететін техниканы пайдаланады. Несиелер мен лизингтер қиын жағдайдан шығу үшін үнемі көмектесе бермейді немесе өте қымбат болады. Бұдан өзге, кәсіпкерлер инновацияларды енгізуге және бизнестің модернизациясына тағы мынадай кедергілерді атады: кадр мәселесі, яғни жаңа технологиялармен жұмыс жасайтын мамандардың тапшылығы; жаңарудың дер кезінде болмауынан туындайтын тәуекел, яғни жоғары технологиялардың түрлеріне нарықта сұраныстың аздығы, бұл мәселе олардың арзан, қарапайым баламалары тарапынан бәсекелестіктен, консервативтік менталитетке байланысты тұтынушылардың сенімінің жоқтығынан, тұтынушылардың жаңа затты қабылдауға дайын еместігінен туындайды. [5, 227-230]

Инновациялық дамуды ынталандыру бойынша шетелдік тәжірибеге сүйенсек, ынталандыру құралдарын екі топқа жіктейді: тікелей және жанама ынталандыру. Мұндағы тікелей ынталандырушы құралдар субъектінің экономикалық шешім қабылдауына тікелей әсер етсе, жанама құралдар мемлекеттік басым мақсаттарға жетуге бағыттау үшін алғышарттарды қалыптастыруда пайдаланылады.

Ынталандырудың тікелей құралдарына бюджеттік қаржыландыру, несиелендіру, субсидиялау, мемлекеттік тапсырыс және инновациялық қызметті қаржыландыруға үлестік қатысу жатады. Тікелей ынталандырушы құралдардың артықшылығы болып инновациялық дамуды ынталандыру үшін қаражат ұсынып, оның пайдаланылуына мемлекеттік бақылау мен реттеу жасауға мүмкіндіктің болуы табылады.

Ынталандыру құралдарының жанама түріне инновациялық салада нормативтік-құқықтық

базаны қалыптастыру, салықтық ынталандыру, венчурлік қаржыландыру жүйесін дамыту, мемлекеттік инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру, ғылыми-техникалық өнімдер нарығын дамыту, инновациялық кластерлерді қалыптастыруды атауға болады. Жанама ынталандыру құралдарын пайдалану кәсіпкерлік инициатива мен инновациялық ортаны қалыптастыруға алғышарттарды қалыптастыру мүмкіндігін береді.

Халықаралық тәжірибеге сай, ғылыми-инновациялық қызметті дамытудағы салықтық ынталандырушы құралдың бірі ретінде салықтық реттеудің бір элементі салықтық жеңілдіктерді атауға болады. Оларды салық құрылымының элементіне байланысты салықтық жеңілдіктер мен салықтық кредиттерге жіктеп қарастырылады.

Салықтық жеңілдіктер салықты есептеу барысында салық салу базасынан белгілі мөлшерде немесе толықтай шегерімге жатқызылатын соманы білдіреді. Салықтық кредиттер салық төлеуші новатордың салықтық міндеттемесінен салық салынатын табысынан оның ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсаған шығындарына пайыздық қатынаста шегерімдер алуға мүмкіндік береді. [6, 176 б.]

Сонымен қатар инновациялық дамуды ынталандыруда пайдаланылатын өзге де салықтық құралдар ретінде салық салудың барлық элементтерін атауға болады, оларға субъекті, объекті, салық салу көзі, салық салу бірлігі, салық ставкасы, салықтық квота, салық оклады, преференциялар, салықтық кредит, жеңілдік кезеңі, салықтарды төлеу мерзімі мен тәртібі, салық төлеушілер мен салық қызметі органдарының құқықтары мен міндеттері, салықтық заңнаманы бұзғаны үшін санкциялар жатады. [7, 39 б.]

Инновациялық дамуды ынталандыруда салықтық реттеудің экономикалық қызметі мен әсерін қарастыра отырып, салықтық реттеудің инновациялық саладағы жүзеге асырылу жолдарына да тоқталып өткен жөн. Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеде салықтық және өзге де инновациялық қызметке қатысты заңнамалық базаны жетілдіру, құралдардың жеделдетілген амортизациясын пайдалану, салық салуда жеңілдіктерді қолдану, ғылыми сыйымды бизнесті қолдау, университеттер мен ұйымдардың ғылыми әріптестігін ор-

нату, салықтық кредиттер ұсыну, табысқа салық салудың жеңілдікті жүйесін қолдану, әкімшілік кедергілерді жою, ұсақ фирмалардың инновациялық қызметін субсидиялауды ұлғайту, инновациялық бокс, ғылыми-зерттеу жұмыстарының шығындарын шегерімдерге жатқызу, салықтық каникулдар, венчурлік капиталды пайдалану, шағын және орта бизнеске салықтық ауыртпалықты азайту, т.т. сияқты инновациялық дамуды ынталандырудың жолдары пайдаланылады.

Сонымен қатар, салықтық жеңілдіктер мен салықтық кредиттерден өзге ынталандырушы құралдар ретінде салық салу базасынан ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсалған шығындарды азайту немесе жеделдетілген амортизация есептеу, инновациялық жобаларды жүзеге асырудан түскен табыстарға салық төлеуден бірнеше жылға салықтық каникулдар алу, сонымен қатар инновациялық ұйымдардың акциялары бойынша жеке және заңды тұлғалардың алған дивидендтеріне жеңілдікті салық салу, инновациялық салада қызмет ететін қызметкерлерге әлеуметтік салықтық жеңілдіктер ұсыну, интеллектуалдық меншік болып табылатын патенттер, лицензиялар, ноу-хау және өзге де материалдық емес активтерді пайдаланудан алынған табысқа салық салудағы жеңілдіктер сияқты салықтық реттеудің жолдары бар. Сондай-ақ инновацияны салықтық ынталандыру барысында шетелдік технологияны алу және пайдалану шығындарына арнайы жеңілдіктер, жаңа импорттық техниканы пайдалануға арнайы салықтық жеңілдіктер, зерттеу шығындарына салықтық жеңілдіктер ұсыну сияқты салықтық ынталандыру жолдары қолданыс табуда. [8, 177 б.]

Бүгінде елімізде мемлекет тарапынан қолдау тауып, дамып отырған технологиялық инновациялар экономикалық модернизация мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру көзі бола алмай отыр.

Елдегі модернизациялаудың басты проблемасының бірі болып инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесінің аздығы болып табылады. Ресми статистикалық ресурстарға сәйкес, 2012 жылы отандық кәсіпорындардың технологиялық инновациялар бойынша инновациялық белсенділік деңгейі 5,7% құраған. Салыстыру үшін шет елдердегі бұл көрсеткіш келесідей: АҚШ-та инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесі 50%, Венгрияда – 47%, Эстонияда – 36%, Түркияда – 33%, Ресейде – 9,1% болып табылады. Сонымен қатар ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің тиімділігін жалпылайтын тағы бір көрсеткіш ретінде елдің ғылыми сыйымды өнімдерінің әлемдік нарықтағы үлесін айтуға болады. Қазақстанда бұл көрсеткіш нөлге жуық. Ресейдің ғылыми сыйымды өнімдерінің әлемдік нарықтағы үлесі 0,3 – 0,5% болса, Еуроодақ елдерінде – 35%, АҚШ-та – 25%, Жапонияда – 11%, Сингапурде – 7%, Оңтүстік Корея мемлекетінде – 4%, Қытайда – 2% құрайды екен. [9, 49 б.]

Тағы бір инновациялық экономиканың тиімділігін айқындаушы көрсеткіштердің біріне инновациялық өнімдердің ЖІӨ-де алатын үлесін жатқызуға болады.

Еліміздегі инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі 2004 жылдан 2007 жылдар аралығында қалыпты деңгейін сақтап отырған еді. Кейін әлемдік қаржылық дағдарыстың басталып, барлық елдің экономикаларына кері әсерін тиізе бастауынан 2008-2011 жылдар аралығында бұл көрсеткіш бәсеңдеп кетті. Бірақ, 2012 жылдан бастап елімізде дағдарыспен күрестің оң нәтижелілігінің арқасында инновациялық өнімдер үлесі ЖІӨ-нің 1,25% құрап, аз да болса артқанын байқаймыз.

Әлемдік экономиканың алдыңғы қатарлы озық тәжірибелі елдерінде бұл көрсеткіштер әлдеқайда жоғары екені анық, ал ондай жетістіктерге жету үшін инновациялық дамуды ынталандырудың салықтық құралдарын

1-кесте – Қазақстандағы инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі

Жылдар	2010	2011	2012
Инновациялық өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі, %	0,66	0,86	1,25
Дерек көзі	Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің сайты, www.stat.gov.kz [10]		

тиімді пайдалана білу қажет. Бүгінгі күні Қазақстанда инновациялық дамуды ынталандыру үшін құралдардың тікелей түрлері белсенді түрде пайдаланылуда, ал жанама ынталандырушы құралдардан тек нормативтік базаны қалыптастыру ерекше орын алып отыр. Дегенмен де, салықтық реттеудің экономикалық мазмұны мен экономикалық үдерістерге әсері әрқашанда маңызды орынды иеленіп, айтарлықтай тиімділіктерге қол жеткізуге мүмкіндіктер берген.

Инновациялық дамуды ынталандырудағы салықтық құралдардың атқаратын рөлі зор және де ол ҚР Салық Кодексінің мынадай жағдайларға бағытталуынан көрініс табады:

- Экономиканы модернизациялау және әртараптандыру;
- Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындар, өндіріс саласындағы шағын және орта бизнестің субъектілеріне және аграрлық секторға салықтық ауыртпалықты азайту;
- Салықтық жеңілдіктерді оптимизациялау;
- Салықтық жоспарлау жүйесін жетілдіру;
- Салықтық әкімшіліктендірудің сапалығын арттыру. [11, 126 б.]

Қазақстанда инновациялық дамуды ынталандыруда пайдаланылатын жолдардың бірі салықтық ынталандырудың тиімді жүзеге асырылуы үшін бірқатар іс-шаралар тізбегін ұсынуға болады. Олар келесідей:

1. Инновациялық белсенділіктің жоғарылығы шағын және орта бизнес кәсіпорындарына тиесілі болуына жағдай жасау, яғни шағын және орта бизнес субъектілеріне ұсынылатын салықтық жеңілдіктерді жетілдіре отырып, салықтық ауыртпалықты азайту.

2. Инновациялық қызметпен айналысатын тұлғалар үшін арнайы салық режимін енгізу, бұл жоғарыда аталған шағын және орта кәсіпорындарды ынталандыруға бағытталуы тиіс.

3. Түрлі ғылыми-зерттеу институттары мен оқу орындарының инновациялық қызметке қатысуына жағдай жасау. Яғни, шет елдердегідей тәжірибе мен теорияны ұштастыру, жеке компаниялар университеттер мен зерттеу институттарын өз инновациялық жобаларына қатыстырып, инновациялық өнімі нарыққа шығарылып жатса, бұл кәсіпорын иелеріне салықтық жеңілдіктер қарастыру.

4. Салықтық жеңілдіктерді ұсыну кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастыру жұмыстарына жұмсалған шығындарына қарай жасалуының жүйесін қалыптастырып, енгізу.

5. Инновациялық жобаларға мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектердің, яғни мемлекеттік қаржыландырудың жүзеге асырылу механизмін жетілдіре түсу.

6. Салықтық ынталандырудың шетелдік тәжірибесін қолдану барысында ұлттық инновациялық жүйе мен отандық нарықтың түрлі ерекшеліктерін ескеріп отыру қажет. Және де инновациялық дамуда мемлекет ынталандырудың тек алғышарттарын қалыптастыруы керек, ал жүйе өзін-өзі қаржыландыруы тиіс, яғни мемлекеттік емес қаржыландыру көздері ынталандырылуы керек.

Дегенмен, елімізде инновациялық жүйенің инфрақұрылымы енді ғана қалыптастырылып жатқандықтан да инновациялық дамуды ынталандырудың барлық құралдары бірдей тиімді пайдаланылып отыр деп айту әлі де ертелеу.

Әдебиеттер

1. Инновационный тренд экономики Казахстана/ Под общей ред. Р.К.Сагиевой. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 199 б.
2. ҚР 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясы, 2003
3. Дарибекова А.С. Налоги и налогообложение. Для студентов экономических специальностей. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. – 184 б.
4. Байгабулова К.К. Налоговое регулирование в РК // Экономическо-финансовые исследования. – 2011. – №1. – С.81-84.
5. Қазақстан және оның аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп, 3-шығарылым. – Алматы, 2012. – 292 б.
6. Сәбден Оразалы. Экономика: таңдамалы еңбектер. Инновациялық экономика. монография. – 1- том. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ЭИ, 2009. – 328 б.
7. Кусаинов К.К. Налоговое регулирование экономики: региональный аспект (на примере Северных областей Казахстана): диссертация. – УДК 631.16:657.92 (574) Д2006\51 К. – Алматы, 2004.

- 8 ҚР 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясы, 2003 жыл.
 9 Инновационный тренд экономики Казахстана / Под общей ред. Р.К.Сагиевой. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 199 б.
 10 Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты. – www.stat.gov.kz
 11 Инновационный тренд экономики Казахстана / Под общей ред. Р.К.Сагиевой. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 199 б.

References

- 1 Pod obshhey red. R.K.Sagi"evoy. I"nnovaci"onni'y trend e'konomi"ki" Kazahstana. – Almati': Qazaq wni"versi"teti, 2013. – 199 b.
 2 QR 2003-2015 ji'ldargha arnalghan i"ndwstri"aldi' - i"nnovaci"yali'q damw strategi"yasi', 2003
 3 Dari"bekova A.S. Nalogi" i" nalogoblojeni"e. Dlya stwdentov e'konomi"cheski"h speci"al#nostey. – Qaraghandi': Bolashaq-Baspa, 2006. – 184 b.
 4 Baygobwlova K.K. Nalogovoe regwli"rovani"e v RK // E'konomi"chesko-fi"nansovi'e i"ssledovani"ya. -2011. – #1. – S.81-84.
 5 Qazaqstan ja'ne oni'ng aymaqtari'ndaghi shagi'n ja'ne orta ka'sipkerliking damw jaghdayi' twrali' esep, 3-shi'gari'li'm. – Almati', 2012. – 292 b.
 6 Sa'bden Orazali'. E'konomi"ka: tangdamali' engbekter. I"nnovaci"yali'q e'konomi"ka. Monografi"ya. – 1- tom. – Almati' QR BGhM GhK E'I", 2009. -328 b.
 7 Kwsai"nov K.K. Nalogovoe regwli"rovani"e e'konomi"ki": regi"onal#ni'y aspect (na pri"mere Severni'h oblastey Kazahstana). Di"ssertaci"ya. – WDK 631.16:657.92 (574) D2006\51 K. – Almati', 2004
 8 QR 2003-2015 ji'ldargha arnalghan i"ndwstri"aldi' - i"nnovaci"yali'q damw strategi"yasi', 2003
 9 Pod obshhey red. R.K.Sagi"evoy. I"nnovaci"onni'y trend e'konomi"ki" Kazahstana. – Almati': Qazaq wni"versi"teti, 2013. – 199 b.
 10 Qazaqstan Respwbli"kasi'ni'ng Stati"sti"ka agenttigining resmi" sayti'. – www.stat.gov.kz
 11 Pod obshhey red. R.K.Sagi"evoy. I"nnovaci"onni'y trend e'konomi"ki" Kazahstana. – Almati': Qazaq wni"versi"teti, 2013. – 199 b.